

kullanmak büyük bir ihtiyaç haline gelmiştir. Özellikle bu teknik yabancı dil öğreniminde öğrencilere büyük bir kolaylık sağlayacaktır.

Abstract:

This article is mentioned about the effectiveness of audiovisual aids in teaching foreign languages.

Резюме:

В этой статье рассматривается проблемы об эффективности аудиовизуальных средств в обучении иностранным языкам.

Ph.D. AҚЖАРҚЫН АБУОВА,

Сүлейман Демирел атындағы университет

ТҮРІК ТІЛІН ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында ЖОО-да түрік тілі шет тілі ретінде, шығыстану бөлімінің ішінде арап және парсы тілдері секілді оқытыла бастады. Қазақстан мен Түркия бауырлас елдер арасында жасалған достық пен ынтымақтастық туралы келісімшарт негізінде, Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті және 1997 жылы “КАТЕУ” Халықаралық қоғамдық қоры Алматы қаласында құрылды. Осы қордың құрамына енген Сүлейман Демирел атындағы университеті мен отызға тарта қазақ-түрік лицейлері, жаңадан ашылған «Нұр Орда» халықаралық мектептерінде және Қазақстанның майдай алды бірқатар университеттерінде де түрік тілі шет тілі ретінде оқытылып келеді. Қазіргі таңда Қазақстанда түрік тілін шет тілі ретінде оқыту жүйесі бірқатар жолға қойылып, ағылшын тілінен кейін екінші деңгейге дейін көтеріліп келеді. Қазір заманымызда ақпараттың ақылға симайтын шамадан тыс, игеруде адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен артық мөлшерде дамуда. Сол себепті де тілді үйрету барысында қысқа уақыт ішінде жоғарғы деңгейде игерте алатын және іс жүзінде қолдана алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Осы әдісті әйгілі қытай ойшылы Конфуцийдің сөзімен ұштастыруға болады. Мысалы, «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» дегендей тіл үйрету барысында да осы тұжырымды ұстануға болады.

Түрік тілін шет тілі ретінде оқыту барысында үйренушінің түрікше өз ойын еркін жеткізу үшін – оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым және тілдесім әрекеттерін меңгеруі қажет. Тіл үйренушіге сөйлеу әрекеттерін меңгерту барысында интербелсенді әдістерді кеңінен қолдануға болады. Мұның нәтижесінде алдымен үйренушінің жеке өзімен, сосын жұп немесе

шағын топ ішінде, одан кейін кең аудиториямен қарым-қатынас жасай алатын деңгейге жетуі керек.

Тіл меңгерту барысында адымдық (немесе кейде баспалдақтық деп те атайды) жүйенің де маңызы зор. Қазіргі таңда, бұл көбіне жеке курстарда, тіл үйрету орталықтарында жүзеге асырылуда. Алдымен сөйлеу әрекеттерінде және біліктілік деңгейлерінде айырмашылықтары болған тіл үйренушілердің деңгейлеріне қарай топтастырып, тіл үйренулеріне қажетті жағдайлармен қамтамасыз ете отырып, бастауыштан жалғастырушыға, жоғары деңгейге ұластырып, ең соңында жетілдіруші деңгейге жеткізетін жүйені қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, мамандыққа бағытталған тіл бағдарламаларын да қосақтастырып жетілдіруге болады.

Тіл үйренудің негізгі қағидаларының бірі – тіл үйренушінің сөйлеу әрекеттерін меңгеруі болып табылады. Әдіскер ғалымдар тіл үйрену үшін сөйлеу әрекетінің төрт түрін бөліп көрсетеді: *оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым*. Бұған бесінші түрі ретінде Қазақстандық әдіскер ғалым профессор Фаузия Оразбаева *тілдесімді* ендіріп отыр. (1). Әрине шет тілі ретінде оқыту барысында барлық сөйлеу әрекеттерінің өзіндік орны бөлек. Тілдесім болмаған жерде оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылымның бір-бірімен байланысы үзіліп қалады. Сол себептен тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға үйрету кезінде осы сөйлеу әрекеттерінің барлығы бірдей қолға алынуы керек. Әсіресе орта деңгейлі оқу орындарында, бастауыш деңгейге арналған, шет тілінің грамматикасын оқыту барысында осы әрекеттердің дамуына аса көңіл бөлінуі қажет. Сонымен қатар оқу орындарының ерекшеліктеріне қарай сөйлеу әрекеттерінің игеру бағыттары өзгеріп отыруы мүмкін. Мысалы, Қонақ үй және туризм мамандық салалары бойынша сөйлесім мен тілдесімге баса назар аударылады.

Әдіскер ғалымдардың пікірлеріне сүйенер болсақ, үйреніп жүрген тіл халқымен тілдесу үшін кез келген тіл үйренуші 1000-1500 сөздік қорға ие болуы керек. Ал ести отырып түсіну үшін 3000 сөздік қорға ие болуы тиіс. Ал мәтіннің 96% түсініп оқу үшін тіл үйренушінің сөздік қорында кем дегенде 6000 сөз болуы қажет екен. (2; 4 б.)


Түрік тілін шет тілі ретінде оқытудың тиімді жолдары ретінде мыналарды сұынамыз:

1. Қарапайымнан күрделіге қарай немесе деректіден дерексізге қарай үйрету

Үйретілетін тақырыптар белгілі бір тізбектік жүйемен құрылуы керек. Бұл тақырыптар – қарапайымнан күрделіге қарай, деректі мағынадан дерексіз мағынаға қарай деген ұстаныммен қолға алынуы қажет. (4; 30 б.) Шет тілін үйретуде, алдымен қарапайым жай сөйлемдерден бастап құрмалас және аралас құрмалас сөйлем үйрету негізінде бастау керек. Дәл осылай, көрсетілуі, әрі түсіндірілуі оңай сөздерден және деректі

ұғымдардан, дәрісхана ішіндегі және жақын маңайдағы заттардан бастап дерексіз ұғым мен ой-пікірлер тақырыбына сонан кейін өтуі тиіс.


Мысалы төменде берілген сызбада тақырыптық тізбек реті көрсетілген. Тіл үйренуші алдымен «Ben» тақырыбын меңгереді. Сосын «Sen» — «O» «Biz»... т.б.



2. Біз қалайша үйренеміз? Қазіргі таңда тіл үйрену үшін көтеген жаңа технологиялар қарындап дамуда, сол себептен құрал-жабдықтарды ұтымды пайдалана білу. Бұған байланысты мынадай үш көзқарасты ұстана аламыз.

2.1. Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін».

2.2. Оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің есте сақталуы («Бетель» лабораториясының зерттеуі негізінде, АҚШ, Мэн штаты)



2.3. Біз білімнің 10%-н оқығанда, 20%-н тыңдағанда, 30%-н көзбен көргенде, 50%-н көзімізбен көріп, тыңдағанда, 70%-н пікір таластырғанда, 80%-н тәжірибе жасағанда, 95%-н басқаларды үйреткенде игереміз. Вильям Глассер

3. Интербелсенді тіл үйретудің негізгі қағидалары мен мақсаттары

Қағидалар	Мақсаттар
Орта қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> - Тіл үйренуші оқып/үйренуде өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау; - Үйренушілер арасында ашық, еркін, шығармашылық қарым-қатынас орнату; - Үйренушілерге білімді дайын күйде бермей, оны ізденуге бағыт-бағдар сілтеу.
Бірлескен әрекеттер арқылы үйрету/үйрену	<ul style="list-style-type: none"> - Үйренушілерге тілдің өзіндік әрекеттері арқылы ғана тиімді түрде меңгерілетіндігін дәлелдеу; - Үйренушілерді белсенді әрекеттерге баулып, олардың тіл игеру әрекеттерін ұйымдастыру.
Өмірмен байланыстыру	<p>Үйрету/үйренуді практикалық әрекеттерге негіздеу, тіл мен тақырыпты күнделікті өмірдегі лексиканы қолдана алатын және туындайтын проблемаларды шеше алатындай деңгейде қолға алу.</p>

Өзінділік пен дербестікке баулу	<p>- Үйренушілердің дайын жауаптарын қанағат тұтпай, оларды ой-толғаныс арқылы өзіндік пікір құрастыруға, проблема шешуде өзіндік тұрғыдан жауап табуға ынталандыру (егер тіл үйренуші жауап бере алмаса, дұрыс жауапты өзі беруге асықпай, оны басқа үйренушілердің табуына ықпал жасау);</p> <p>- Үйренушілерде сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру (күмәндану, ақпараттан әртүрлі мағынаны көре білу, өзіндік түсінікке ұмтылу, дәлелдеме келтіру).</p>
---------------------------------	---

(7; 63-64 б.)

5. Тіл үйретудегі интербелсенді оқуды ұйымдастыру ережелері

5.1. Сынып бөлмесін жұмысқа дайындау.

Сынып бөлмесі (кабинет) үйренушілердің еркін түрде жұмыс жасауына қолайлы болуы керек. Мәселен, әр сабақта үйренушілер шағын топтар құрамын сан рет өзгертуі ықтимал, сол себепті де парталар мен үстелдер олардың емін-еркін қозғалуына кедергі болмауы қажет.

Парталарды қоюдың да көптеген тәсілдері бар. Ең бастысы үйренушілердің бір мезгілде сабақ жүргізушіні көре отырып, топ ішіндегі жұмысқа белсене араласуға мүмкіндік алуы керек. Яғни парталарды U – жартылай дөңгелек түрінде орналастыруға да болады.

Тиімді жұмыс жасау үшін аудиторияда тақта (оған қоса жылжымалы немесе интерактивті тақталар болса тіпті жақсы), қол астында бор, қағаз (А-1 және А-4 форматтардағы), маркерлер болғаны дұрыс.

5.2. Топқа бөлу.

Әр сабақта үйренушілерді шағын топтарға бөліп, сол арқылы олардың бірлесе тіл үйренуіне қолайлы жағдай жасау керек. Тіл үйренушілерді шағын топтарға 4 адамнан бөлген тиімді. Олардың партаны жағалай бір-біріне бет қаратып отырғаны дұрыс.

Топқа бөлу әдетте кездейсоқ түрде жасалынады. Алайда бір курс бойы бір тіл үйренуші басқалармен барлық сабақтарда топ құрамында жұмыс жасап шығуы керек. Мұндағы басты мақсат - үйренушілердің бір-бірімен тиімді қарым-қатынас құрып, ортақтаса отырып қазақ тілінде өз ойын еркін айта білуіне ықпал жасау.

Топқа бөлуді әрекетке негіздеп, қызықты қылып өткізген жөн.

5.3. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.

Үйренушілерді психологиялық тұрғыдан интербелсенді оқуға дайындау қажет. Әдетте сабаққа келгендердің бәрі дерлік оқуға белсене араласып кетуге дайын емес, өйткені олардың өздерін ыңғайсыз әрі дискомфортты сезінуі мүмкін.

Үйренушілердің сабақ барысында барлық шарттылықтардан арылып, ойлау аппаратын белсенділендіріп, жұмысқа толық ниеттеліп, қызу кірісіп кетуін

бірінші мезетте ойсергектер арқылы жүзеге асыруға болады. Ойсергектер арқылы аудиториядағы үйренушілер өздерін жеңіл сезінеді, ашылады, әрқайсысы біртұтас ұжымның өкілі ретінде алда күтіп тұрған бірлескен күрделі жұмысты атқаруға дайындалады.

Ойсергектер келесі мазмұнда болуы мүмкін:

1. Жағымды психологиялық сезім/көңіл қалыптастыратын әрекеттер.
2. Логикалық ойлауға негізделген тапсырмалар (мәселелер, жұмбақтар, мақал-мәтелдердің бірінші бөлігін айтып, екіншісін сұрай).
3. Көңіл көтеретін ойын түріндегі іс-әрекеттер, т.б.

5.5. Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.

Интербелсенді оқу аумағында өтетін сабақ мақсаттарының бірі бірлесе жұмыс жасау болғандықтан, әр тіл үйренуші жұмысқа белсене қатысқандығы абзал. Үйренушілердің білім игеру жұмысының, оның ішінде әсіресе бірлескен жұмыс әрекеттерінің қызықты әрі тартымды екендігіне көздерін жеткізгені дұрыс. Сол себепті де сабақтың басты тәсілі ретінде топтық жұмыстарды тану керек (7; 94-135 б.).

Қорыта келе, тіл үйрену барысында сөйлеу әрекетін меңгеру ана тілін үйрену барысында да, әрі шет тілін үйрену барысында да маңызы өте зор. Тіл қатынас құралы болғандықтан, тіл үйренуші өз ойын үйренген тілінде емін-еркін жеткізе алу үшін тілдің қарапайым қолданысынан, сөз тіркестері мен орамдарын меңгеруі керек. Шет тілін үйрену үрдісін бір теңіз, я болмаса көлге балайтын болсақ, тіл үйренуші сол суда батып кетпей, жүзіп шығатын кісі болуы керек. Ал ол үшін бапкері жақсы әдіс-тәсілдерін меңгертуі керек. Сол секілді тіл үйретуші мен үйренушінің қарым-қатынасы өте жоғары деңгейде болуы керек. Соңғы ақпараттық жүйедегі әрі дәстүрлі интербелсенді әдістерді ұтымды пайдалана білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева, Фаузия (2009), Тілдік қатынастар. Алматы.
2. Әлметова, Әсипат (2007), Сөйлеу әрекеті түрлеріне оқыту. Алматы.
3. Demirel, Özcan(2002), Türkçe Öğretimi, Ankara
4. Demircan, Ömer (1990) , Yabancı Dil öğretim Yöntemleri, İstanbul.
5. Hengirmen, Mehmet (1996), Yabancılar Türkçe Öğretim Yöntemleri ve TÖMER Yöntemi, Ankara
6. Demirel, Özcan(2009), Öğretim İlke ve Yöntemleri Öğretme Sanatı, Ankara
7. Әлімов, Асхат (2009), Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану, Алматы.

Özet:

Bu makalede, Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminin çağdaş yöntem ve tekniklerinin kullanılması hakkında söz edilmektedir.

MUSTAFA ŞAHİN
Süleyman Demirel Üniversitesi